



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Кепілдік талоны

Үрлемелі жылытқыш
(жылу тапаншасы)

ВКХ-3 | ВКХ-5 | ВКХ-7



Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны қолжетімді жерде сақтаңыз.

Мазмұны

- 2 Қолданылатын белгілер
- 3 Қауіпсіздік ережелері
- 3 Құрылғының мақсаты
- 4 Құрылғының құрылымы
- 4 Техникалық мәліметтер
- 5 Техникалық сипаттамалары
- 5 Құрылғыны басқару
- 6 Тасымалдау және сақтау
- 6 Күтімі және техникалық қызмет көрсету
- 6 Ақауларды іздеу және жою
- 7 Жиынтықтама
- 7 Жою
- 7 Дайындалған күні
- 7 Өнімді сертификаттау
- 8 Қосымша
- 9 Кепілдік талоны

Қолданылатын белгілер



АБАЙЛАҢЫЗ!

Соңы ауыр жарақатқа немесе қондырғының айтарлықтай зақымдануына соқтырмауы үшін сақталуы тиіс талаптар.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Соңы ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелмеуі үшін сақталуы тиіс талаптар.

ЕСКЕРТУ:

1. Бұл нұсқаулық мәтінінде электрлі үрлемелі жылытқыштың аспап, бұйым, құрылғы, аппарат, жылу тапаншасы, электрлі жылытқыш, үрлемелі жылытқыш сынды техникалық атаулары болуы мүмкін.
2. Егер қуат сымы зақымданған болса, айтарлықтай жарақаттың алдын алу үшін оны өндіруші немесе өкілеттік берілген сервистік қызмет немесе өзге білікті маман ауыстыруы тиіс.
3. Үрлемелі жылытқыш электр желілерін пайдалануға қатысты тиісті жергілікті нормалар мен ережелерді сақтай отырып орнатылуы тиіс.
4. Өндіруші сатып алушыға алдын ала ескертусіз құрылғының қасиеттерін жақсарту мақсатында оның құрылымына, жиынтығына немесе дайындау технологиясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
5. Нұсқаулық мәтінінде және цифрлық белгілерінде жаңылыс жағдай орын алуы мүмкін.
6. Егер нұсқаулықты оқығаннан кейін құралды пайдалану жөнінде сұрақтарыңыз туындаса, түсінік алу үшін сатушыға немесе арнайы сервис орталығына жүгініңіз.
7. Бұйымда оның техникалық сипаттамалары мен өзге пайдалы мәліметтерді қамтитын заттаңба бар.

Қауіпсіздік ережелері



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Үрлемелі жылытқышты пайдалану кезінде электр құралдарын пайдаланудың жалпы қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай сақтаңыз.
- Үрлемелі жылытқыш электр құралы болып табылатындықтан, өзге де аспаптар секілді соққыдан, ылғал мен шаң-тозаңнан қорғауды қажет етеді.
- Электр жылытқышты пайдаланардан бұрын электр желісі тоқ күші мен жерге тұйықтау каналы бойынша қажетті өлшемдерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғы 220 - 230 В, 50 Гц құрайтын жеке қуат көзіне қосылуы тиіс. Бұл қуат көзіне басқа құралдарды да қосуға жол берілмейді.
- Салыстырмалы ылғалдылығы 93% құрайтын, жарылыс қаупі бар орта; биологиялық белсенді орта; қатты шаң басқан орта; материалдардың тоттануына әкелетін ортасы бар үй-жайларда жылытқыштарды пайдалануға тыйым салынады.
- Электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін үрлемелі жылытқышты ұшқын пайда болған, қуат көбілі бүлінген, термосақтандырғыш бірнеше рет іске қосылған жағдайда пайдаланбаңыз. Электр қуатының зақымданған көбілін қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана ауыстыруы тиіс.
- Электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін электр жылытқышты ваннаның, душтың немесе жүзу бассейнінің жанына қойып пайдалануға тыйым салынады.
- Үрлемелі жылытқышты қадағалаусыз ұзақ уақыт пайдалануға тыйым салынады.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсетерден бұрын, сондай-ақ пайдаланусыз ұзақ тұрғанда, құрылғыны ашасын резеткіден суырып тоқтан ажыратыңыз.

- Жылытқышты электр желісіне қосу құрылғыны қуат көзінен кепілдікті ажырату мүмкіндігімен желі баусымы арқылы жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау кезінде барынша абай болу керек. Оны бір нәрсеге соғып немесе құлатып алмаңыз.
- Үрлемелі жылытқышты электр желісіне қосардың алдында желі баусымы оқшаулағышының зақымданбағанын, желі баусымы ауыр заттың астында басылып қалмағанын тексеріңіз.
- Үрлемелі жылытқышты тез тұтанғыш заттардан (синтетикалық материалдар, жиһаз, перде және т.б.) 0,5 м дейінгі қашықтықта және электр көзіне қосылатын нүктеге жақын жерге орнатпаңыз.
- Жылытқыш құралдың үстін жаппаңыз және ауа еркін кіріп, шығу үшін ауа ағынының қозғалысын шектемеңіз.
- Жылытқыш құрал қыздыру режимінде жұмыс істеп тұрған кезде күйік шалуды болдырмау үшін ауа ағыны шығатын бетіне қол тигізбеңіз.
- Жарақатты болдырмау үшін құрылғы корпусының қаптамасын шығарып алмаңыз.
- Құрылғыны өз қызметіне сай емес мақсатта пайдаланбаңыз (киім келтіру және т.б.).
- Құрылғыны өздігіңізден жөндеуге әрекеттенбеңіз. Білікті маманның көмегіне жүгініңіз.

Құрылғының мақсаты



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Бұйымды пайдаланбас бұрын аталмыш Нұсқаулықпен міндетті түрде танысуыңызды өтінеміз.

- Жылу тапаншасы тұрмыстық, қоғамдық және басқа да үй-жайларды желдетіп, қыздыруға арналған.
- Жылу тапаншасының жұмыс қалпы - еден үстіне қондыру.

4 Құрылғының құрылымы


- Тапаншалар климаты қалыпты және суық өңірлерде, қоршаған орта температурасы 0-ден +40 °С құрайтын үй-жайларда ештеңе шашырап, тамшылар сондай-ақ жауын-шашын тимейтін жағдайда пайдалануға арналады.

Құрылғының құрылымы



Сур. 1

- 1 - Қыздыру элементі
- 2 - Ауа шығаратын тор
- 3 - Тасымалдауға арналған тұтқа
- 4 - Құралдың корпусы



2-сур.

- 5 - Тіреуіштер
- 6 - Ауа тартқыш тор
- 7 - Өстік желдеткіш
- 8 - Желілік қуат көбілі (желілік ашасы бар ВКХ-3, ВКХ-5 арналған)
- 9 - Пернелік ауыстырып-қосқыш
- 10 - Жылу тұрақтандырғыш тұтқасы

Жылу тапаншасының корпусы (4) жоғары сапалы полимерлі жабынмен қапталған

жайма болаттан жасалған. Корпус төрт амортизациялық тіреуге (5) қондырылған. Корпус ішінде өстік желдеткіш (7) және тиімділігі жоғары керамикалық металл қыздырғыш элемент (1) орналасқан. Желдеткіш корпустың сыртқы жағының ауа жинайтын торы (6) арқылы ауаны сорады, ауа ағыны қыздырғыш элемент (1) арқылы өтіп қызады және корпустың алдыңғы бетіндегі ауа шығаратын тор (2) арқылы үй-жайға таралады. Құрылғыны басқару блогы пернелік ауыстырып-қосқыштан және термореттегіштен (10) тұрады және корпустың сыртқы қапталында орналасқан. Тұтқа (3) жылытқыш құралды тасымалдауға арналған. Электр желісіне қосылу қуат көбілінің (8) көмегімен жүзеге асырылады. ВКХ-3 және ВКХ-5 тапаншаларының желілік ашасы бар көбілі болады. ВКХ-7 тікелей электр қалқанына жалғанады.

ЕСКЕРТУ:

Өндіруші зауыт бұйымға, осы пайдалану туралы нұсқаулықта қамтылмаған, сапасы мен сенімділігін төмендетпейтін аздаған конструктивті өзгерістер енгізуі мүмкін.

Техникалық мәліметтер

Үрлемелі жылытқыш үш режимнің біреуінде жұмыс істейді:

- «I» режим (жартылай қуаттылықта қыздырумен желдету);
- «II» режим (толық қуаттылықта қыздырумен желдету)
- «желдету» режимі (қыздырусыз желдету). Үрлемелі жылытқыштың ішіне қондырылған қызудан қорғанысы бар. Электр жылытқыштың корпусы қызып кеткен кезде термосақтандырғыш автоматты түрде үрлемелі жылытқышты сөндіріп, өрттің шығу және құрылғының істен шығу ықтималдығын болдырмайды.

Корпустың қызып кету себептері:

- корпусының ауа ағыны кіретін және шығатын жері бөгде затпен бітелген немесе қатты ластанған;
- желдеткіші бұзылған;
- үрмелі жылытқыштың жылу қуаттылығы жұмыс істеп тұрған үй-жайдағы жылу шығынынан тым жоғары.

ЕСКЕРТУ:

Термосақтандырғыштың іске қосылуы және қызып кету салдарынан жылытқыш құрылғының сөнуі кезінде ол бірнеше минуттан кейін автоматты түрде қайта қосылады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Термосақтандырғыштың жиі іске қосылуы жұмыстың қалыпты режимі болып табылмайды. Термосақтандырғыш қайта іске қосылған жағдайда үрмелі жылытқышты тоқтан суырып, оның сөнуіне не себеп болғанын анықтап, салдарын жою керек.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ВКХ-3	ВКХ-5	ВКХ-7
Қуат кернеуі	220-230 В ~ 50 Гц		
Номиналды (белгіленген) тұтыну қуаты, кВт	2,0	3,0	5,0
Жартылай тұтыну қуаты, кВт	1,0	1,8	2,5
Өнімділік, м³/с	120	250	300
Номиналды ток, А	9,1	13,6	22,7
Қорғаныс деңгейі	IP 21		
электр қорғаныш класы	I клас		
Жылыту алаңы, м²*	25 дейін	35 дейін	60 дейін
Құрылғы көлемі (ЕхБхТ), мм	175х 175х 190	205х 205х 195	235х 225х 250
Қаптама көлемі (ЕхБхТ), мм	195х 185х 180	210х 210х 200	265х 245х 245
Таза салмақ, кг	1,55	2,2	3,55
Жалпы салмақ, кг	1,7	2,35	3,95


* Жылыту аймағы болжалды көрсетілген. Пайдаланудың нақты жағдайларына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Құрылғыны басқару

Құрылғыны пайдаланған кезде осы нұсқаулықта берілген қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз.

Жылу тапаншасын қосардан бұрын ауыстырып-қосқыш пернесі «0» күйінде, ал термореттегіш тұтқасы сағат тіліне қарсы бағытта ең шеткі күйге бұралған болуы тиіс.

Жылу тапаншасын басқару тақтасы



3-сур.

- 1 – «I» режим (жартылай қуаттылықта қыздырумен желдету).
- 2 – «0» (құрылғыны өшіру)
- 3 – «II» режим (толық қуаттылықта қыздырумен желдету)
- 4 – Термореттегіш

Үрлемелі жылытқышты қосу және жұмыс режимдері

Үрлемелі жылытқышты қосу үшін желілік ашаны желілік рэзеткіге (ВКХ-3, ВКХ-5 үшін) немесе желілік көбілді электр қалқанына (ВКХ-7 үшін) қосып, ауыстырып-қосқыш пернесін I қалыпқа (режим «1») немесе II қалыпқа (режим «2») орнату қажет. Егер қоршаған ортадағы ауа температурасы термореттегіш белгілегеннен жоғары болса, тапанша қыздырусыз желдету режимінде жұмыс істейді. Егер қоршаған ауа температурасы термореттегіш белгілегеннен төмен болса, тапанша қыздырумен желдету режимінде жұмыс істейді (қыздыру қуаты ауыстырып-қосқыш пернелерінің қалпына байланысты болады). Термореттегіштің тұтқасы арқылы үй-жайдағы қажетті ауа

температурасы қойылады. Термореттегіш автоматты түрде сөну және электр қыздырғыштың қосылуы арқылы сақтап тұрады (қалыпты температураның шамамен алғандағы диапазоны 0-ден +40 °C дейін) Қалаған температураны жоғарылату үшін термореттегіштің тұтқасын сағат тілімен, ал азайту үшін - сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Жайлы режим

Үй-жайда қажетті қыздыру температурасын орнатып, тұрақты ауа температурасын ұстап тұру үшін жылу тұрақтандырғыштың реттеу тұтқасын «тах» күйіне ауыстыра отырып, құрылғыны толық қуаттылыққа қосыңыз Үй-жайда температура сізге жайлы деңгейге жеткен кезде, тжылу тұрақтандырғыштың реттеу тұтқасын шырт еткен дыбыс естілгенге дейін сағат тіліне қарсы бағытта баяу бұраңыз. Осылайша, құрылғы сізге қолайлы температураны есте сақтап қалады да, автоматты түрде қосылу және сөну арқылы сол қалыпты ұстап тұрады.

ЕСКЕРТУ:

- Жағымсыз күйген иісті болдырмау үшін жылытқышты шаңнан тазартып отыру керек.
- ВКХ-7 тапаншасының желілік ашасы болмайды, өйткені номиналды тоқ (22,7 А) стандартты желілік рзеткілер (16А) үшін белгіленген максималды шамадан артық.

Үрлемелі жылытқышты өшіру

Жылу тапаншасын өшіру үшін ауыстырып-қосқыш пернесін «0» күйіне келтіріңіз және қуат сымының ашасын рзеткіден суырыңыз (ВКХ-3, ВКХ-5 үшін) немесе электр қалқанынан ажыратыңыз (ВКХ-7 үшін).

Тасымалдау және сақтау

- Жылу тапаншасы өндірушінің қатамасымен -50-ден +50 °C дейін температура мен 80% салыстырмалы ылғалдылық кезінде (транспорттық құрал ішінде соғылу мен қозғалудың

алдын ала отырып, қаптамадағы белгілерге сәйкес +20 °C кезінде) жабық кез келген транспорт түрімен тасымалданады.

- Жылу тапаншасы өндірушінің қаптамасымен жылытылатын, желдетілетін үй-жайларда +5-тен +40°C дейін аралықтағы температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта (+25°C кезінде) сақталуы тиіс.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жұмыс температурасынан төмен жағдайда тасымалдағаннан кейін жылытқыш құралды пайдаланылатын үй-жайда кемінде 2 сағат қуат көзіне қоспастан тұрғызу қажет.

Күтімі және техникалық қызмет көрсету

Ballu жылу тапаншасы іс жүзінде қызмет көрсетуді қажет етпейді. Оның сенімді жұмыс істеп тұруы үшін тек келесі тармақтардың орындалуы қажет:

- Жылу тапаншасының ауа ағыны кіріп, шығатын жерлеріндегі сыртқы бетін мезгіл-мезгіл шаңнан және ластан тазартып отыру қажет.
- Қуат көбілінің түйсіуінің, ұстатқыш ағытпасының дұрыстығын тексеру қажет (жылына 1 рет).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау және техникалық қызмет көрсету алдында құралды өшіріп, желілік ашасын рзеткіден суырыңыз.

Ақауларды іздеу және жою

Ақауларды жою кезінде осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.

Жылу тапаншасы қосылмайды

- Электр желісінде кернеу жоқ болуы мүмкін. Электр желісінде кернеудің болуын тексеру.

- Қуат кәбілінің үзілуі. Қуат кәбілінің бүтіндігін тексеру, қажет болған жағдайда бүлінген кәбілді ауыстыру.
- Пернелік ауыстырып-қосқыш бұзылған. Пернелік ауыстырып-қосқыштың іске қосылуын тексеру, қажет жағдайда бүлінген ауыстырып-қосқышты ауыстыру.

Ауа ағыны қызбайды

- Айналадағы ауа температурасы термореттегіш белгілегеннен жоғары. Тапанша қыздырусыз желдету режимінде жұмыс істейді. Қыздыруды қосу үшін термореттегіштің тұтқасын сағат тілімен бұраңыз.
- Электрлі қыздырғыштың қуат тізбегінің үзілуі. Үзілуді жою.
- Пернелік ауыстырып-қосқыш бұзылған. Пернелік ауыстырып-қосқыштың іске қосылуын тексеру, қажет жағдайда бүлінген ауыстырып-қосқышты ауыстыру.
- Термореттегіш бұзылған. Термореттегіш қызметін тексеру, қажет болған жағдайда істен шыққан термореттегішті ауыстыру.
- Электр жылытқыш бұзылған. Электр жылытқышты ауыстыру



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны өздігіңізден жөндеуге әрекеттенбеңіз. Білікті маманның көмегіне жүгініңіз.

ЕСКЕРТУ:

Қосалқы бөлшектерді ауыстыруға және тізбектің үзілуіне байланысты ақауларды жою үшін арнайы жөндеу жұмыстарын жүргізетін шеберхана.

Жиынтықтама

Жеткізу жиынтығының құрамына жылу тапаншасы, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және қаптама кіреді.

Жою

Қолданыс мерзімі аяқталған соң құрылғы кәдеге жарату аймағының қолданыстағы нормалары, ережелері мен тәсілдеріне сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

Дайындалған күні

Жасалған күні құрылғыда көрсетілген.

Өнімді сертификаттау

Өнім кеден одағының аумағында сертификаттау органымен сертификатталған.

Тауар нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді:

«Төмен вольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» 004/2011 КО ТР
«Техникалық құралдардың электр магнитті сәйкестігі» 020/2011 КО ТР талаптарына сай келеді.

Қызмет ету мерзімі:

30.03.2015 бастап 29.03.2020 дейін
(Егер қорапта жаңа сертификаттың көшірмесі болмаса, сатушыдан оның көшірмесін сұраңыз.)

Өндіруші:

«Фошань Шундэ Биг Климатик Мануфакчер Ко., ЛТД»


Зе форс плэнт, № 10-6, Фуан Индастриал эреа (Фест фэйз), Лелиу, Шунде, Фошань, Гаундун, Қытай, 528300

Импорттаушы:

«Ай. Эр.Эм.Си.» ЖШҚ
Ресей, 119049 Мәскеу қ., Ленинский даңғылы, 6 үй, 7 құр., 14 кеңсе
Тел./факс: +7 (495) 2587485
e-mail: info@irmc.ru

Қосымша

Электрлік қағидатты сұлба



- XP1 - ВКХ-3, ВКХ-5 арналған желілік аша. ВКХ-7 - қосылу үшін үшжелілік кәбіл
- Т - термо реттегіш
- TV-термо сөндіргіш
- М - электр қозғалтқыш
- D - электр қыздырғыш
- К - пернелі ауыстырып-қосқыш

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Бұл құжат заңмен айқындалған тұтынушылар құқығын шектемейді, алайда заңдық келісілген Тараптар келісімі немесе шарт міндеттемелерін толықтырады және нақтылайды.

Сізді сапасы тамаша техника сатып алуыңызбен құттықтаймыз!

Кепілдік талонымен мұқият танысыңыз, оның дұрыс толтырылуы және Сатушының мөртаңбасы болуын қадағалаңыз. Мөртаңбасы және сатылған күні (немесе сатылған күні көрсетілген кассалық түбіртек) болмаған жағдайда кепілдік мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Бұйымның сырты пішіні мен жиынтықтылығын мұқият тексеріңіз, сыртқы түрі мен жиынтықтылығы бойынша барлық шағымыңызды сатып алу кезінде Сатушыға білдіріңіз. Сіз сатып алған бұйым бойынша кепілдікті қызмет көрсету Сатушы, арнайы сервистік орталық немесе құрылғыны орнатқан құрастыру ұйымы (егер бұйым арнайы орнатуды, қосуды немесе жинақтауды қажет еткен жағдайда) арқылы жүзеге асырылады. Құрылғыға техникалық қызмет көрсетуге байланысты барлық мәселелер бойынша арнайы сервистік орталыққа жүгініңіз. Өнімді жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге уәкілетті қызмет көрсету орталықтары туралы толық ақпаратты **www.ballu.ru** веб-сайтынан көре аласыз.

Өндірушінің кінәсінен құрылғы істен шыққан жағдайда ақауларды жою өндіруші өкілеттік берген ұйымға жүктеледі. Бұл жағдайда сатып алушының Сатушыға жүгінуге құқығы бар. Құрылғыны орнатқан ұйымның кінәсінен туындаған ақау үшін жауапкершілік бұйымды орнатқан (құрастырған) монтаждау ұйымына жүктеледі. Бұл жағдайда құрылғыны орнатуды (монтаждау) жүзеге асыруға ұйымға жүгінуге қажет. Бұйымды орнату (қосу) үшін (егер ол арнайы қондыру, қосу немесе құрастыруды қажет етсе) мамандандырылған қызмет көрсету орталығына жүгінуге кеңес береміз. Сатушы, Өндіруші өкілеттік берген ұйым, Импорттаушы және Өндіруші орнатуды (қосуды) дұрыс жүргізбеу салдарынан туындаған бұйым ақаулары үшін жауапкершілікке тартылмайды.

Техникалық сипаттамаларды жақсарту мақсатында бұйымның құрылысына, жиынтығына немесе әзірлеу технологиясына өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгертулер Сатып алушыны алдын ала ескертусіз енгізіледі және оған дейін шығарылған бұйымды өзгерту/жақсарту міндетін туғызбайды. Келеңсіз жәйт орын алмауы үшін құрылғыны орнатуға/пайдалануға дейін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты зейін қойып оқуыңызды сұраймыз. Кепілдік талонына қандай да бір өзгерістер енгізуге, онда көрсетілген мәліметтерді өшіруге немесе қайта көшіріп жазуға тыйым салынады. Бұл кепілдік, кепілдік талоны дұрыс / анық толтырылған және онда тауардың атауы мен үлгісі, оның сериялық нөмірлері, сатылған күні, сондай-ақ уәкілетті тұлғаның қолы және Сатушының мөрі болған жағдайда ғана жарамды.

Бұл кепілдік күші бұйымның өндірістік немесе құрылымдық ақауларына таралады Уәкілетті сервис орталығымен жүргізілетін жөндеу жұмыстары және өнімнің ақаулы бөліктерін ауыстыру қызмет көрсету орталығында немесе Сатып алушының мекен-жайында (сервис орталығының қалауы бойынша) жүзеге асырылады. Бұйымды кепілдікті жөндеу 45 күннен аспайтын мерзім ішінде орындалады. Егер тауардағы кемшіліктерді жою барысында жөндеу жұмыстары Тараптар келіскен мерзімде аяқталмайтыны белгілі болған жағдайда Тараптар тауар ақауын жоюдың жаңа мерзімі туралы келісім бекіте алады. Өнімді жөндеуге көрсетілген кепілдік мерзімі тек жеке, отбасылық немесе тұрмыстық мақсаттарда пайдаланылатын, кәсіпкерлік қызметтерге қатысы жоқ өнімдерге ғана таралады. Өнім кәсіпкерлік мақсаттарда қолданылған жағдайда, оның кепілдік мерзімі 3 (үш) айды құрайды. Қосалқы бөлшектерге (қандай да бір құрал-сайманның көмегінсіз бұйымнан шығаруға болатын бөлшектер, атап

айтқанда суырмалар, сөрелер, торлар, себеттер, саптамалар, қылшақтар, түтіктер, құбыршектер және т.б.) кепілдік мерзімі 3 (үш) айды құрайды. Кепілдікті немесе ақылы жөндеу кезінде бұйымға қондырылған, не болмаса бұйымнан бөлек сатып алынған жаңа құрамдас бөлшектерге кепілдік мерзімі жөнделген құрылғыны Сатып алушыға берген немесе оған осы қосымша бөлшектерді сатқан күннен бастап 3 (үш) айды құрайды. Берілген кепілдік тек ҚР аумағында сатып алынған бұйымдарға, ҚР аумағында ғана таралады.

Аталмыш кепілдік мыналарға қолданылмайды:

- бұйымға мерзімдік және сервистік қызмет көрсету (сүзгілерді немесе сүзгі қызметін атқаратын құралдарды тазарту, ауыстыру);
- өндірушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз бұйымның Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген қолданыс аясын жетілдіру және кеңейту мақсатында жүргізілген бұйымды кез келген бейімдеу және өзгерту;
- жеткізу жиынтығының құрамына кіретін аксессуарлар.

Бұл кепілдік келесі жағдайларда берілмейді:

- егер өнімнің сериялық нөмірі толығымен / ішінара өзгертілсе, өшірілсе, жойылса немесе оқылмаса;
- бұйымды оның тікелей өз мақсатына сай, Пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдаланбау, оның ішінде бұйымды шамадан тыс жүктемемен немесе Сатушы, өндіруші өкілеттік берген ұйым, импорттаушы, өндіруші ұсынбаған қосымша жабдықтармен бірге пайдалану;
- құрылғыда механикалық зақымдардың (кетік, сынық және т.б.) болуы, қатты күш қолдану әсері, химиялық жеміргіш заттар, жоғары температура, жоғары ылғалдылық/ шаң басу, аралас будың кері ықпалы, егер осы аталғандардың қайсыбірі бұйым ақауына себеп болса;
- Өкілеттігі жоқ ұйымдар/тұлғалар тарапынан жөндеу/қалыпқа келтіру/ орнату/бейімдеу жұмыстарының атқарылуы; Сатушының, өндіруші өкілеттік берген ұйымның, импорттаушының, өндірушінің, Сатып алушының бақылауынан тыс, бұйымға зиян келтірген

табиғи зілзала (өрт, су тасқыны және т.б.) және өзге себептер;

- құрылғыны электр желісіне немесе су құбырына дұрыс қоспау, сондай-ақ электр немесе су құбыры желілерінің және басқа сыртқы тораптардың ақаулары (жұмыс параметрлерінің сәйкессіздігі);
- пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қамтылған жағдайларды қоспағанда, құрылғының ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтың кіруі, жәндіктер мен олардың тіршілік өнімдерінің және т.б. түсуі;
- бұйымның дұрыс сақталмауы;
- шамдар, сүзгілер, қуаттау элементтері, аккумуляторлар, ауыстырып-қосқыштар, сондай-ақ шыны/кәрлен/мата және қолмен алмалы-салмалы бөлшектер және бұйымның табиғи тозуына байланысты жұмыс қабілеттілігінің өз шектеу кезеңі бар тез тозатын/ауыстырылатын өзге қосымша бөлшектерін ауыстыру қажеттігі немесе егер мұндай ауыстыру жобада көзделген болса және өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса ;
- бұйым осы жүйе элементі ретінде қолданылған жүйе ақаулары;
- сатып алушының төменде көрсетілген, ауа баптағышты күту жөніндегі Нұсқаулықты сақтамауы салдарынан туындаған ақаулар.

Ауа баптағыштарға кепілдік қызмет көрсетудің ерекше шарттары

Берілген кепілдік, Сатып алушы өз бастамасымен (Сатушының тиісті ақпаратын ескерусіз) сапалы ауа баптағыш таңдаған және сатып алған болса, бірақ сатып алынғын бұйым техникалық сипаттамасына байланысты Сатып алушы орнатқан үй-жайға арналмаған болса, өнімнің жұмысындағы ақауларға таралмайды. Құрметті сатып алушы! Ауа баптағыштарды біліктіліксіз орнату оның дұрыс жұмыс істемеуіне, нәтижесінде өнімнің істен шығуына әкеп соғуы мүмкін екенін еске саламыз. Бұл құрылғы «Ғимараттар мен құрылыстарда тұрмыстық салқындату жүйелерінің буландырғыш компрессор-конденсаторлы блоктарын орнату және іске қосу мен жөндеу туралы» СТО НОСТРОЙ № 25 құжатына сай орнатылуға тиіс. Бұйым жұмысындағы орнату жұмыстары және сонымен байланысты кемшіліктер үшін оны орнатқан ұйым жауапты. Өндіруші (сатушы) стандарттар

мен нұсқаулықты бұза отырып орнатылған және пайдалануға енгізілген бұйымға кепілдік беруден бас тартуға құқылы.

Су жылытқыштарға кепілдік қызмет көрсетудің ерекше шарттары

Егер су жылытқыштарындағы ақаулар келесі себептерден туындаған болса, бұл кепілдеме қамтамасыз етілмейді: мұздату немесе су жылытқыштың сипаттамалары бар кестеде көрсетілген судың рұқсат етілген шекті қысымының бір реттік асуы; су жылытқыштардың техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін қорғаныс құралдары немесе құрылғыларсыз жұмыс істеу; коррозиялық-белсенді суды пайдалану; электрохимиялық реакциядан коррозия, суды жылыту қондырғыларына нұсқаулыққа сәйкес уақытында техникалық қызмет көрсетпеу (соның ішінде: нұсқаулықта белгіленген мөлшерде техникалық қызмет көрсетудің жиілігі мен мерзімін сақтамау).

Ауа баптағыштарды қолданудың айрықша шарттары

Бұл кепілдік сатып алушының талабы/қалауы бойынша ҚР-да қолданылатын құрылыс нормалары мен ережелерін, стандарттар мен басқа да техникалық құжаттардың талаптарын бұза отырып: нақты бір бөлме үшін ауа баптағыш(-тар) дұрыс таңдалмағанда және сатушы сатып алған ауа баптағыштың блогы (блоктары) дұрыс орнатылмаған жағдайларда берілмейді. Сонымен қатар ҚР Тұрғын үй кодексіне сәйкес сатып алушы сатып алынған салқындатқышты орнататын ұйыммен және Қазақстан Республикасы субъектісінің атқарушы билігінің құзыретті органдарымен келісе отырып орнатуға міндетті екеніне Сатып алушының назарын аударамыз. Сатушы, Өндіруші Уәкілеттік берген ұйым, Импорттаушы, Өндіруші бекітілген орнату жоспарынсыз және жоғарыда аталған ұйымдардың рұқсатынсыз сатып алынған ауа баптағышты қолданумен байланысты кез келген жағымсыз салдардан туындайтын әртүрлі жауапкершіліктен бас тартады.

Ауа ылғалдағыштарды, ауа тазартқыштарды және кептіргіштерді қолдану ерекшеліктері

1. Ультразвукты ауа ылғалдағыштарды қолданғанда суды жұмсарту үшін

міндетті түрде түпнұсқа (фирмалық) сүзгі-картридж қолданған жөн. Егер сүзгі-картридж бар болған жағдайда, ағын суды алдын ала өңдеу немесе тазартусыз пайдалануға кеңес беріледі. Сүзгі-картриджінің қызмет ету мерзімі пайдаланылатын судың кермектілік дәрежесіне тәуелді және болжамды түрде төмендемеуі мүмкін, нәтижесінде ауа ылғалдатқыштарының айналасында және ауа ылғалдатқышының өзінің мембранасында ақ тұнба пайда болуы мүмкін (бұл тұнба ауа ылғалдатқышына қосымша берілетін қылшақпен жойылмауы мүмкін). Мұндай шөгіндінің пайда болу мүмкіндігін азайту үшін сүзгі-картриджді мерзімді түрде уақытылы ауыстыру қажет. Ауа ылғалдағыштарындағы сүзгілер ресурсының таусылуы салдарынан ылғал шығу өнімділігі төмендеуі мүмкін, бұл пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес сүзгілерді жүйелі түрде мерзімді ауыстыруды қажет етеді. Осы тармақта аталған ауа ылғалдағыш ақаулары және солармен байланысты сатып алушы мен үшінші тұлғаларға келген қандай да бір зиян үшін Сатушы, Өндіруші Уәкілеттік берген ұйым, Импорттаушы, Өндіруші жауапты емес және осы кепілдік ауа ылғалдағыштың ондай ақауларына қатысты қолданылмайды. Ауа ылғалдағыштарды пайдалану кезінде өндірушінің түпнұсқа (фирмалық) аксессуарларын ғана пайдалануға кеңес беріледі.

2. Ауа тазартқышты пайдаланар алдында сүзгілерді қаптамадан шығарыңыз. Тазартылған ауаның бөлменің көлемі бойынша қалыпты таралуы үшін ауа тазартқышты ауа ағынына (жел өтіне, желдеткіштің т. б. алдына) орнатпаңыз. Сүзгінің бүлінуі ауа тазарту тиімділігінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сүзгіде жиналған шаңды шаңсорғыштың көмегімен абайлап кетіруге болады. Ауа тазартқыш сүзгісін сумен жууға тыйым салынады.
3. Кептіргішті пайдалану кезінде су ағып кетпес үшін және қатты шу болмас үшін құралды тегіс бетке орнатыңыз. Құралдың тиімді құрғатуын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетілетін бөлменің есік-терезесін жауып қойыңыз. Құралды

жылжитқан кезде ерекше сақтық танытыңыз: ұрып алмаңыз, еңкейтпеңіз және құлауына жол бермеңіз. Құралды қосар алдында конденсат жинауға арналған бактың дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Сұйық отын жылытқыштарын пайдаланудың ерекше шарттары

Сұйық отындық жылытқыштарды қолдануды Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып зерделеген көмелетке толған адамдар жүзеге асыруға тиіс. Жылытқыштарды қараусыз пайдалануға және оларға бөгде адамдардың қол жеткізуіне жол берілмейді. Жылытқыштар жұмыс істеген кезде жылытылатын үй-жайдың тұрақты желдетілуін және онда кез келген күйдегі жанғыш, тез тұтанатын және жарылыс қауіпі бар заттардың болмауын қамтамасыз ету керек. Жылытылатын үй-жайдың көлемі жылытқыштардың қуатынан аспауы тиіс. Жанармай және электр желісінің параметрлері өндірушінің талаптарына сәйкес келуі керек. Жылытқыштарды әр қосар алдында желілік кәбілдің жай-күйін және отын жүйесінің герметикалығын тексеру қажет.

Ауа баптағышты күту бойынша ескертпе:

1. 2 аптада бір рет (қарқынды қолданғанда жиірек) ішкі блоктағы (пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз) ауа сүзгілерінің тазалығын қадағалаңыз. Бұл сүзгілердің қорғаныс қабілеті электростатикалық әсерге негізделген, сондықтан сүзгі болмашы кірленсе, өз функциясын атқаруды доғарады;
2. жылына бір рет ішкі-сыртқы блоктардың жылу алмастырғыштарын шаң мен кірден тазарту, жүйедегі қысымды тексеру, салқындатқыштың барлық электронды компоненттерін тексеру, дренаж жүйесін тазалаудан тұратын профилактикалық жұмыстар жүргізу қажет. Бұл процедура ақау пайда болуының алдын алып, салқындатқышыңыздың сенімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
3. жылына бір рет (дұрысы көктемде), қажет болған жағдайда, сыртқы блоктың жылу алмастырғышын тазалап, ауа баптағыштың барлық режимдердегі жұмысын тексерген жөн. Бұл ауа баптағышыңыздың сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4. ауа баптағышты қыс мезгілінде пайдаланудың бірқатар ерекшеліктері барын ескеру қажет. Өте төмен температурада: инверторлы емес типті ауа баптағыштар үшін -10°C және одан төмен, инверторлы типті ауа баптағыштар үшін -15°C және одан төмен болғанда салқындатқышты тек желдету режимінде қолдануға кеңес беріледі. Ауа баптағышты суыту немесе жылыту режимдерінде жұмыс істеті, ауа баптағыш жұмысынан ақау шығып, компрессордың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Егер далада суық ауа температурасы болса, ал конденсат (ішкі блоктағы су) сыртқа ағып жатса, дренаж жүйесіндегі су қатып қалуы мүмкін, салдарынан конденсат ішкі блоктың түбінен бөлмеге ағады.

Сатып алушы Кепілдік талонына қол қойған сәттен бастап келесіні мойындайды:

- сатып алынған бұйым және оның тұтыну сипаттамалары туралы барлық қажетті ақпарат Сатып алушыға "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Заңына сәйкес толық көлемде ұсынылды;
- сатып алушы сатып алған бұйымды Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қазақ тілінде және тілінде алды.
- сатып алушы кепілдікті қызмет шарттарымен/сатып алынған бұйымды пайдалану ерекшеліктерімен танысты және келісті;
- сатып алушы ауа баптағышты күту жөніндегі Ескертпемен танысты және онда көрсетілген ережелерді сақтауға міндеттеледі;
- сатып алушының сатып алынған бұйымның сыртқы түріне/жинақтылығына шағымдары жоқ. егер өнім Сатып алушының қатысуымен тексерілсе, "жұмысқа жарамдылығына" жазыңыз

Сатып алушының қолы:.....

Күні:.....

Сатушы толтырады

Bailu^{HOME}

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Клиентте сақталады

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сату күні _____

Сатушының аты-жөні _____

Сатушының мекенжайы _____

Сатушының телефон нөмері _____

Сатушының қолы _____

Сатушының мөртаңбасы _____

Қызмет көрсету кезінде шеберге тапсырылады

Bailu^{HOME}

ӘМБЕБАП ҮЗБЕЛІ ТАЛОН

Кепілдікті қызмет көрсетуге арналған

Үлгі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Жөндеуге қабылданған күні _____

Тапсырыс-өкімдеме нөмірі _____

Ақау көрінісі _____

Клиенттің аты-жөні _____

Клиенттің мекен-жайы _____

Клиенттің телефон нөмірі _____

Жөндеу күні _____

Шебердің қолы _____

Орнатушы толтырады

Bailu^{HOME}

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Клиентте сақталады

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сату күні _____

Сатушының аты-жөні _____

Сатушының мекенжайы _____

Сатушының телефон нөмері _____

Сатушының қолы _____

Сатушының мөртаңбасы _____

Қызмет көрсету кезінде шеберге тапсырылады

Bailu^{HOME}

ӘМБЕБАП ҮЗБЕЛІ ТАЛОН

Кепілдікті қызмет көрсетуге арналған

Үлгі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Жөндеуге қабылданған күні _____

Тапсырыс-өкімдеме нөмірі _____

Ақау көрінісі _____

Клиенттің аты-жөні _____

Клиенттің мекен-жайы _____

Клиенттің телефон нөмірі _____

Жөндеу күні _____

Шебердің қолы _____



Жабдықтар мен аксессуарларды фирмалық
www.ballu.ru интернет дүкенінен немесе
Өз қалаңыздағы сауда нүктелерінен алуға болады.